

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 наурыз N 383. Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Түркологияны дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдарды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 P000685\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 22, 243-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ :

бесінші абзацта "сыйлық" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, " тағайындау жөніндегі ұсынысы қабылдансын;" деген сөздер алынып тасталсын; жетінші абзацтан кейін нүктелі үтір қойылып, мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

" 2 0 0 2 жылдан бастап :

түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі бір сыйлық тағайындау туралы ұсынысы қабылдансын. " ;

3 - т а р м а қ :

"бекітсін" деген сөздің алдынан ", Түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлықты берудің тәртібі туралы ережені" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*